

[Regnum, 03.08.2017](#) [1]



РФ

Білім және ғылым министрлігі Әлеуметтік зерттеулер орталығы әзірлеген шетелдік студенттер туралы зерттеудің нәтижелерін ұсынды. Орталықтың деректері бойынша, ресейлік ЖОО-ларда бәрінен көп Қазақстаннан, Украинадан және Қытайдан келген студенттер білім алады.

2015-2016 академиялық жылы ресейлік ЖОО-ларда Қазақстаннан 73,4 мың студент (+4%), Украинадан 23,2 мың студент (+14%) Және Қытайдан 22,5 мың студент (+10%) білім алды.

Жалпы алғанда, Ресейде шетелдік студенттердің саны, өткен академиялық жылмен салыстырғанда, 4,7%-ға артты. Бүгін Ресейде 296,1 мың шетелдік студент білім алады. Білім және ғылым министрлігінің болжамы бойынша 2016-2017 оқу жылында бұл сан қайта артады.

Ресей Халықтар Достастығы университетіне бәрінен көп шетелдік студенттер түседі (8 246 адам). Сонымен бірге, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Петр

Великийдің Санкт-Петербург мемлекеттік политехникалық университеті,
Қазан және Қрым федералдық университеттері, М.В. Ломоносов атындағы ММУ де
танымал болды.

Links

[1] <https://regnum.ru/news/2306524.html>